

**Аудандық қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ № 3**

«12» маусым 2023 жыл

Хромтау қаласы

Өткізу орны: Хромтау ауданы әкімдігінің акт залы

Өткізу күні: 12 маусым 2023 жыл

Өткізу уақыты: 10.00

Қатысқандар: қоғамдық кеңестің мүшелері

Төрағалық еткен: аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы: Б.Ашабаев.

Күн тәртібі:

1. Хромтау аудандық экономика және қаржы бөлімі басшысының 2023 жылға арналған аудандық бюджеттің орындалуы туралы есебі.

Тыңдалды:


Ашабаев Б.Б. – Хромтау ауданы қоғамдық кеңесінің төрағасы. Жиналысты ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырды. Сөз кезегін баяндамашыға берді.

К.Тлеубаев- Хромтау аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы. Бөлім басшысы өз есебінде 2022 жылға арналған аудандық бюджеті бойынша бөлінген қаражаттардың аудан бойынша әрбір салада қанша сома жұмсалғанын атап көрсетті. Соның ішіне әлеуметтік маңызы бар салалар: жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлімі, құрылыс бөлімі, аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімдері кіреді. Сондай-ақ, бюджетке түсетін жыл сайынғы түсімдердің осы жылдың өткен кезеңдерімен салыстырып, біршама артық орындалғанын айтты. Сонымен қатар, алдағы уақытта депутаттарға аудандық бюджет дефицитін қаржыландыру бойынша есепті бекітуді сұрады.

Б.Ашабаев- қоғамдық кеңестің төрағасы. Бөлім басшысына алдағы уақытта да аудандық бюджет қаражатының аудандағы әлеуметтік маңызы бар салалар бойынша нақты мақсаттарға уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Б.Ашабаев жиынға қатысушылардан басқа сұрақ бар-жоғын сұрады. Сұрақ жоқ. Аудандық қоғамдық кеңестің отырысын жабық деп жариялады.

Қоғамдық кеңестің төрағасы:



Б.Ашабаев

Қоғамдық кеңестің хатшысы:



Г.Нурмаханова

Құрметті Азамат Бауыржанұлы, Эльмурат Болатұлы!
Құрметті депутаттар, сессияға қатысушылар!

2022 жылға арналған аудан бюджеті 2021 жылдың 24 желтоқсанында №146 аудандық мәслихат сессиясымен 8 857,4 млн.теңгеге бекітілген болатын, оның ішінде 2 722,4 млн.теңге жоғары бюджеттен қаралған нысаналы трансферттер. Бір жыл ішінде аудандық бюджет 5 рет нақтыланып, жыл аяғында жыл басындағы 1 073,1 млн.теңге бюджет қаражатының бос қалдығын, 3 057,0 млн.теңге сомасындағы трансферттерді, 94,1 млн.теңге республикалық бюджеттен берілген кредиттерді, төртінші деңгейдің бюджетіне (Ақжар, Абай, Аққұдық, Бөгетсай, Дөн, Көктау, Көктөбе, Қызылсу, Қопа, Құдықсай, Никельтау, Тассай, Табантал, Тасөткель ауылдық округі және Хромтау қаласына) берілген субвенциялар 765,3 млн.теңге, трансферттер 1 750,6 млн.теңгені қоса отырып 2 515,9 млн.теңгені құрады.

Жылдық бюджеттің кіріс жағы 12 айдың қорытындысы бойынша 120,1 пайызға орындалды, немесе түсімдердің жоспары 7 950,0 млн.теңгенің нақты түскені 9 636,8 млн.теңге.

2022 жылғы 12 айдағы аудан бюджетіне түсетін түсімдері 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1 451,9 млн.теңгеге артық орындалды.

Бюджетке түсетін түсімдердің негізгі көздерінің бірі – төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталынатын жеке табыс салығы. Бұл салық түрі 119,6% пайызға, әлеуметтік салық 114,6% пайызға, мүлікке салынатын салықтар түрі бойынша жоспар 119,4% пайызға, көлік құралдарына салынатын салық 111,3 пайызға орындалды.

2022 жылға аудандық бюджеттің шығыс бөлігі 99,8 пайызға, яғни нақтыланған 14 631,4 млн.теңге сомасындағы жылдық жоспардың 14 608,8 млн.теңгесі орындалды.

2022 жылға республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген трансферттер толығымен түсті. Жоғары тұрған бюджеттен түскен 3 057,0 млн. теңге трансферттер келесі салаларға бағытталды:

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар саласына:

112,8 млн.теңге республикалық бюджеттен трансферттер, оның ішінде: мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге 26,4 млн.теңге, жалақыны ішінара субсидиялауға 21,0 млн.теңге, жастар практикасына, гранттарға 9,6 млн.теңге, қоғамдық жұмыстарға 12,9 млн.теңге, мүгедектерінің төлемдеріне 30,9 млн.теңге. Сондай-ақ трансферттер есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 198,3 млн.теңге бөлінді. Оның ішінде жастар практикасына 24,6 мың теңге, жаңа бизнес-идеяларға гранттар беруге 50,8 млн.теңге, қоғамдық жұмыстарға 102,4 млн.теңге, "Күміс жас" бағдарламасын іске асыруға 4,1 млн.теңге, "бірінші жұмыс орны" 2,2 млн.теңге бөлінді.

Облыстық бюджеттен 37,8 млн.теңге бөлінді оның ішінде жұмыспен қамту бағыттарына 15,5 мдн.тг және АӘК пен мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға 22,2 млн.теңге бөлінді.

Ұлттық қордан қосымша 14,1 млн.теңге сомаға аудандық жұмыспен қамту орталығын ұстауға қызметкерлерінің жалақысын көтеруге қаражат, нысаналы трансферттер бөлініп толығымен игерілді.

Құрылыс бөліміне:

«Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және салу, қайта құру» бағдарламасы бойынша "Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Никельтау ауылында 8 пәтерлі 2 қабатты тұрғын үй салуға" 969,0 мың теңге облыстық бюджеттен бөлінген болатын.

Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне:

«Ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту» бағдарламасы бойынша кепілдендірілген трансферттер есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 520 336,0 мың теңге бөлінді. "Майтөбе ауылында су құбыры желілерін салу объектісі бойынша ҚМЖ" 357 947,0 мың теңге, "Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Ақжар ауылдық округі Жазық ауылын сумен жабдықтау жүйесінің жеткізуші желілері мен құрылыстарын салу" 162 389,0 мың теңге игерілді.

«Газ тасымалдау жүйесін дамыту» үшін Құдықсай ауылында жеткізуші және кентішілік газ құбырын салуға 420,4 млн.теңге бөлінді. Оның ішінде облыстық бюджеттен 111,2 млн.теңге, ҚР Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт есебінен 309,2 млн.теңге бөлініп, игерілді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан трансферттер есебінен 174 851,0 мың теңге «Хромтау ауданының Қарғалы ауданы бағытында Хромтау қаласынан шеткі көшеден шығатын жолдағы автомобиль жолын қайта жаңартуға» бөлінді.

Облыстық бюджеттен «Хромтау ауданының Қызылсу ауылына көпір өткелін салуға» 20,3 млн.теңге және Ақтөбе облысының Хромтау қаласындағы автомобильді жолдарды реконструкциялауға 45,7 млн.теңге.

«Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру» бағдарламасы бойынша 1 091,1 млн.теңге бөлініп, игерілді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан "Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Қызылсу ауылына кіреберіс "KD-HR-158 автомобиль жолын орташа жөндеу"; "Никельтау станциясына кіреберіс "KD-HR-160 автомобиль жолын орташа жөндеу" Ақтөбе облысы Хромтау ауданының 0-4,85 км"; "Хромтау ауданының 0-14,00 км" KD-HR-147" Самара-Шымкент" - Құдықсай-Қопа автомобиль жолын орташа жөндеу"; "Ақтөбе облысы Хромтау ауданының Самара-Шымкент Құдықсай-Қопа км.14,0-27,8 "KD-HR-147 автомобиль жолын орташа жөндеу"; Ақтөбе облысы Хромтау ауданының Самара-Шымкент Құдықсай-Қопа км. 27,8-40,63 "автомобиль жолын орташа жөндеу" жалпы соммасы 824,4 млн.теңге бөлініп, игерілді.

Облыстық бюджеттен "аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу "объектілеріне Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Тасөткел ауылына кіреберіс 0-33,4 км";" Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Қызылсу ауылына кіреберіс "KD-HR-158 автомобиль жолын орташа жөндеу "; "Ақтөбе облысы Хромтау ауданының KD-HR-160" Никельтау станциясына кіреберіс", 0-4,85 км автомобиль жолын орташа жөндеу"; "Хромтау ауданының Тасөткел ауылына кіреберіс" аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу" жалпы соммасы 266,7 млн.теңге бөлінді.

«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 68,8 млн.теңге бөлініп «Никельтау ауылының су құбыры жүйесін қайта жаңғыртылды».

««Дөң» ауылдық округінің Тұрлыбаев көшесінің жолдарын орташа жөндеуге» 155,0 млн.теңге бөлінді.

«Богетсай ауылының көшелерін қайта жаңғыртуға» облыстық бюджеттен 2,2 млн.теңге, ал Ұлттық Қордан 19,5 млн.теңге бөлінді.

Сонымен қатар ««Дөң» ауылдық округінің Тұрлыбаев көшесінің электр желілерін қайта жаңғыртуға» 41,2 млн. теңге жұмсалды.

«Ауыл-ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымы бойынша іс-шараларды іске асыру» бағдарламасы бойынша 60,8 млн.теңге игерілді. «Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Богетсай ауылындағы мәдениет үйін күрделі жөндеуге» жұмсалды.

Құрметті депутаттар!

2008 жылғы 4-ші желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 132 бабаның 3 тармағына сәйкес, 2022 жылғы аудандық бюджеттің кірістері бойынша 7 950,0 млн.теңгеге, алынған ресми трансферттер бойынша 5 572,9 млн.теңгеге, барлығы 13 522,9 млн.теңге, шығындар бойынша 14 631,4 млн.теңге, таза бюджеттік кредит беру 81,6 млн.теңге, қаржы активтер операциялардың қалдығы бойынша 0,0 теңге, бюджет дефицитін қаржыландыру 1 190,0 млн.теңгеге нақты орындалуы туралы есепті бекітуіңізді сұраймын.

Баяндаушы

**«Хромтау аудандық қаржы
бөлімі» ММ басшысы**

К.Тлеубаев